

## Облыстың бекітілген аңшылық жерлерін "Павлодар аңшылар мен балықшылар қоғамы" қоғамдық бірлестігіне бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімиятының 2002 жылғы 22 сәуірдегі N 101/5 қаулысы. Павлодар облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 14 мамырда N 1208 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 39/3 қаулысымен.

*Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 39/3 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 21 қазан 1993 жылғы "Жануарлар дүниесін жаңарту, пайдалану және қорғау туралы" және 15 маусым 1997 жылғы "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңдарына сәйкес және облыстың бекітілген аңшылық жерлерін тиімді пайдалану мақсатында облыс әкімияты **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Облыстың бекітілген аңшылық жерлер қосымшаға сәйкес "Павлодар аңшылар мен балықшылар қоғамы" бес жыл мерзімге, қоғамдық бірлестігіне **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасы табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрлігі орман, балық және аңшылық шаруашылығы Комитетінің орман және биоресурстар жөніндегі облыстық аумақтық басқармасы аңшылық ресурстардың дұрыс пайдалануына нақты бақылау жасалуын қамтамасыз етсін (**к е л і с і м** **б о й ы н ш а** ) .

3. Баянауыл ауданында "Қызыл тау" зоологиялық қорығы мен ұлттық мемлекеттік табиғи паркінен басқа жерлерде аң аулауға рұқсат етілсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Ж.Нұрғалиевқа жүктелсін.

### *Облыс әкімі*

Облыс әкімиятының 2002 жылғы  
22 сәуірдегі N 101/5 қаулысына  
қосымша <\*>

*Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2004 жылғы 17 наурыздағы N 83/4 қаулысымен .*

## **Облыстың қосымша аңшылық жерлерінің ТІЗІМІ**

N п/с	Аңшылық жерлер		

		Аумағы, га	Аумақтарында аңшылық жерлер ауылдық округтердің атаулары орналасқан
1	2	3	4
1	Потанин	31157	Айнакөл, Құркөл, Қазалы, Евгенийевский, Еңбек, Үштерек
2	Ақтоғай	42888	Қожамжар, Разумовский, Барлыбай, Мүткен, Жалаулы, Приреченский, Харьковский, Қоғалы, Шолақсор, Жолболды
3	Баянауыл	321000	Қызылтау, Құркелін, Қаратомар, Сатбаев, Жанатілек, Құндыкөл, Ұзынбұлақ, Жанажол, Торайғыров, Бірлік, Ақсан.
4	Железинка	705525	Лесной, Озерновский, Алакөл, Веселорощинский, Еңбекші, Михайловский, Новомировский, Ақтау, Қазақстан, Уәлиханов.
5	Ертіс	530000	Луговской, Қосағаш, Северный, Амангелді, Селеті, Қоскөл, Қаракұдық, Ленинский, Абай, Ұзын, Байзақов, Токты, Панфиловский, Қызылқак, Майқоңыр, Ағашорын, Қызылжар.
6	Қашыр	619312	Березовский, Жаңа-Құрылыс, Песчанский, Верненский, Байқоныс, Федоровский, Октябрьский, Береговой, Калиновский, Воскресенский, Ивановский
7	Лебяжі	68395	Майқарағай, Жамбыл, Қызыл-Әскер, Қазын, Восточный, Малыбай, Қызылағаш
8	Май	51000	Баскөл, Көктөбек, Малайсары, Саты, Қазан, Ақжар
9	Успенка	130454	Ильичевский, Ольгинский, Темиряевский, Лозовской, Ковалевский, Павловский, Ровнопольский, Надаровский, Ново-Покровский
10	Щарбақты	13000	Александровский, Сосновский, Татьяновский, Ильичевский, Қарабидай, Галкинский, Северный, Жалыбұлақ, Хмельницкий, Алексеевский, Красиловский, Чигириновский, Назаровский
11	Екібастұз	430000	Баян, Қарасу, Құдайкөл, Ақкөл, Саркамыс, Өлеңті, Комсомольский, Железнодорожный, Көктөбе
12	Қызылжар	300643	Қызылжар, Жолқұдық, Сарышығанақ, Қараоба, Әуелбек.
13	Черноярка	14515	Черноярский
14	Ямышевское	40830	Кеңес
15	Заря	38676	Заринский
	Барлығы	3537395	

